

Т.В. Мустафина 

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ.
e-mail: mustafina_tv@bk.ru

ҚИЯНАТСЫЗДЫҚ ІЛІМІНІҢ ПӘРМЕНДІЛІГІН ЗЕРДЕЛЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Мақалада қиянатсыздық ілімінің заманауи қоғамдағы пәрменділігі аясындағы мәселелер зерделенуде. Барлық кезде, бүгін XXI ғасырда да өмірдің барлық салаларында, жердің әр түрлі аймақтарында жергілікті қақтығыстар, азаматтық соғыстар орын алуда. Ауқымы жағынан соғыстар азайғанымен, олардың зардабы нақты қоғам үшін зор негативті әсерін тигізуде. Онымен қоса, соғыстың дәстүрлі тәсілдерінен гөрі қазіргі таңда жаңа технологиялардың әлеуеті барынша қолдануда. Қару-жарақ пен ықпал ету формалары түрленіп, күрделенуде. Яғни, ашық соғыстар азайып, шартты түрде бейбіт заман орнағанымен, адамзат қауымдастығы жалпы дағдарыстық күйде кешіп отыр.

Үздіксіз күрес пен бәсекеге, менменшілдікке салына беру адамзаттың болашағына айтарлықтай күмән келтіреді. Бүгінгі күні адамзат баласы бірқатар көкейкесті мәселелерді сана-сезімнің жаңа деңгейіне көтеріліп, қайта бағамдауы тиіс. Әр түрлі қоғамдар мен қауымдастықтардың жүйелі және сапалы дамуы олардың қиратушылық емес, шығармашылық жолмен дами алу мүмкіндіктеріне байланысты.

Қиянатсыздық ілімінің негізі сонау көне заманда қалыптасқанымен, қоғамдық және саяси өмір тарихында қолдану мысалдары көп емес. Дегенмен, заманауи зерттеулер қиянатсыздық қағидаттарын нақты мақсаттарға жету жолында қолдануға болатындығын және күш қолдануға қарағанда қиянатсыздық тәжірибесі әлдеқайда пәрменді екендігін байқатуда.

Түйін сөздер: қиянатсыздық, пацифизм, бейбіт әлем, күш қолдану, жаһандық әлем, адам.

T.V. Mustafina

L.N. Gumilyov Eurasian national university, Kazakhstan, Nur-Sultan,
e-mail: mustafina_tv@bk.ru

Issues of implementing the effectiveness of nonviolence philosophy

The article examines the issues of the effectiveness of the use of non-violence in modern society. At all times and today in the 21st century, in all spheres of life, in different regions of the globe, clashes, crises, and wars occur. Despite the fact that the overall scale of wars has decreased, this carries significant negative damage to any society. At the same time, the potential of the latest technologies is being increasingly used instead of traditional means of war. And, although a peaceful situation prevails in the world as a whole, humanity is in a deep crisis.

The endless struggle calls into question the future of humanity in general. Today, humanity needs to rise to a new level of consciousness and re-evaluate a number of vital issues. The qualitative and systemic development of society and various institutions depends on the ability to develop creatively, not destructively.

Despite the fact that the philosophy of nonviolence was born in antiquity, there are few examples of its application in the history of social and political life. Modern research shows that the principles of non-violence can be used to achieve specific goals, and the practice of non-violence is much more effective than the use of force.

Key words: violence, pacifism, peaceful world, violence, global peace, man.

T.V. Мустафина

Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Казахстан, г. Нур-Сұлтан,
e-mail: mustafina_tv@bk.ru

Вопросы осмысления эффективности философии ненасилия

В статье рассматриваются вопросы эффективности применения ненасилия в современном обществе. Во все времена и сегодня, в XXI столетии во всех сферах жизни, в различных регионах земного шара происходят столкновения, кризисы, войны. Несмотря на то, что в целом масштабы войн сократились, это несет значительный негативный урон любому обществу. Вместе с тем,

все шире используется потенциал новейших технологий вместо традиционных средств войны. И, хотя в целом в мире преобладает мирная обстановка, человечество находится в глубоком кризисе.

Бесконечная борьба ставит под сомнение будущее человечества вообще. Сегодня человечеству необходимо подняться на новый уровень сознания и заново переоценить ряд жизненно важных вопросов. Качественное и системное развитие общества и различных институтов зависит от способности развиваться творчески, а не разрушительно.

Несмотря на то, что философия ненасилия зарождалась еще в древности, в истории социальной и политической жизни имеется немного примеров ее применения. Современные исследования доказывают, что принципы ненасилия могут использоваться для достижения конкретных целей, а практика отказа от насилия намного эффективнее, чем применение силы.

Ключевые слова: насилие, пацифизм, мирный мир, насилие, глобальный мир, человек.

Кіріспе

Қазіргі кезде бүкіл әлем жаһандану үдерісін кешуде. Бірі бұл үдерісті сынап жатса, бірі қоғам дамуы үшін жаһанданудан артық ештеңе жоқ деген пікірді қолдайды. Бірақ кез келген қоғам үшін бейбітшілік деген негізгі құндылық болып табылатындығымен келіспейтіндер жоқ десек қатеспейміз. Жаһандық үдерісінде бейбітшіліктің ролі қандай? Бейбітшілік деген нақты белгілі бір жайт па әлде күй ме? Оны сақтау, ары қарай дамыту қандай мәселелермен байланысты? Осы сұрақтар аясында талдау жасап көрейік.

Осы мәселелер аясында зерттеу жүргізушілердің бірқатары бейбітшілік дегенді күй деп сипаттауға келіседі. Ал бұл күйдің сақталуы мен дамуы қиянатсыздық қағидалары арқылы жүзеге асырылады (George, 2012). Барша адамзаттың аңсайтыны бейбіт ғұмыр болса, оның кілті күш қолданбай, ешкімге зиян тигізбей әрекет ету қабілетіне байланысты деп түсінеміз. Жаһандық үдерістер әлемдік нарықтың қарқынды дамуы мен әр түрлі технологиялардың адам өмірінің ажырамас ұстындарына айналуына ықпал тигізуде. Үдемелі дамып отыратын нарық тапжылмай бәсекеге қабілетті болуды талап етеді. Үздіксіз бәсекелі жай-күйде ешкімге ешбір зиян тигізбей өмір сүру мүмкін бе? Әлбетте, бұл риторикалық сұрақ.

Заманауи демократиялық, құқықтық мемлекеттер экономикасы капиталистік заңдылықтарға негізделеді. Жаһандық нарық пен жаһандық саясат әуел бастан бәсеке мен күрестің іргелі қағидаларына құрылып келген. Қиянатсыздық қағидалары ондай күресте орынсыздау деп қабылдануы ғажап емес. Бұл адамзат санасында күш қолдану қағидаларының бекіп қалуының нәтижесі деп айтуға болады. Бірақ бүгінгі күні адамзат баласы бірқатар көкейкесті мәселелерді сана-сезімнің жаңа деңгейіне көтеріліп, қайта

бағамдауы тиіс. Үздіксіз күрес пен бәсекеге, менменшілдікке салына беру адамзаттың болашығына айтарлықтай күмән келтіреді.

Әр түрлі қоғамдар мен қауымдастықтардың жүйелі және сапалы дамуы олардың қиратушылық емес, шығармашылық жолмен дами алу мүмкіндіктеріне байланысты. Бейбітшілік үстем еткен қоғамда ғана шығармашылық дамуға қолайлы жағдайлар қалыптасады (Абдильдин, 2014: 118). Бейбітшілік күйінің баянды болуы қиянатсыздық қағидаларының қатаң заңдылық деңгейінде қоғамда бекуімен қамтамасыз етіледі. Яғни, қиянатсыздық қағидалары демократиялық институттардың нығаюына, қоғамдық құрылымдардың сапалы жетілуіне тікелей әсер ететін күш. Мәмілеге келіп ұжымдаса алуда, күдікке емес, өзара сенімділікке құрылған еркін қарым-қатынастарда адами әлеуеттің де үдемелі артуы анық.

Өкінішке орай, адамзат баласы күшпен әсер етуді, «жұдырыққа» жүгінуді әдетіне айналдырып келген. Ал, қиянатсыздық қағидалары утопиялық армандар деңгейінде қалып, тиісінше бағаланбай келеді. Жаһандық нарық пен саясат «бірінші бол!», «мықты бол!», «бәрінен де Сен күшті бол!» деген ұрандармен өзара бәсекені, сәйкесінше, күресті өршітуде. Жеке тұлға болса, жаһандық алып механизмге қарсыласуға қауһары жетпейтіндігіне сеніп, қиянатсыздық қағидаларына жүгінуге, олардың пәрменділігін тәжірибеге айналдыруға қорқақтайды.

Қиянатсыздық ұстанымның спецификалық пәрменділігі әуел бастан адамдар арасындағы, адам мен табиғат арасындағы, адам мен Жаратушы арасындағы қарым-қатынастардың үйлесімділігіне құрылғанын ескерген жөн. Адамзат баласы қиянатсыздық қағидаларын тиісті деңгейде қабылдамағанша түрлі дағдарыстардың репрессиялық қыспақтарында шыр айналып жүре береді. Сондай-ақ, керісінше, бүгінгі күнгі жеке саналы адам қиянатсыздық қағидаларын

ұстануды өзіне-өзі міндеттей алса, әлеуметтік өмір де сапалы трансформацияланады, қоғамдық өмірдің әр түрлі салалары жанданады, рухтанады, белгілі бір шығармашылық формаға ұласады. Демек, сапалы даму шығармашылық қатынаспен, бейбітшілік күймен байланысты. Ал, қиянатсыздық қағидалары абстрактілі елестер емес, аталмыш сапалы дамуды қамтамасыз ететін нақты құрал деп бағалануға лайық.

Тақырыпты таңдауды дәйектеу және мақсаты мен міндеттері

Бейбітшілік – қоғамның сапалы дамуының іргелі күйі

Адамзат тарихында сонау ерте заманнан бері әр түрлі соғыстар мен қантөгістер, зұлымдықтар, қиратулар туралы деректер мен дәлелдер жеткілікті. Бірақ өткен жиырмамыншы ғасырда адамзат баласының кейбір қауымдастықтары жүзеге асырған, ал басқалары бастан кешкен қайғы-қасіреті айрықша зұлымдықпен ерекшеленеді. Бір ғана ғасырда бір емес, екі дүниежүзілік соғыс барысында тұлға атаулының ар-намысын таптап, абырой төгуде адам баласының қиянатшылдығы өз-өзінен асып түскендей болды. Екінші Дүниежүзілік соғыстан кейін Біріккен ұлттар ұйымының құрылуы көпшіліктің жүректерінде берік сенім ұялатқан еді. Енді адамзат қоғамы гуманизация жолында дамиды, қарым-қатынастарда әлеуметтік және этикалық өзгерістер орын алып, әлемнің саяси және құқықтық ландшафтында трансформациялар жүзеге асырылады деген үміттер орын алды. Алайда, көпке ұзамай адамзат баласы ядролық қаруды ойлап тауып, әлем шартты екі лагерьлерге бөлініп, «суық соғыс» бейбітшілік атаулыны сағымға айналдыра одан әрі алыстатты. Екі лагерьдің арасындағы теке-тірес адам баласы тарихқа өзгеріс әкелетін саналы тұлға ғана емес, Жер бетіндегі тіршілікті мүлдем тоқтатуға қабілетті екендігіне көз жеткізді. Бұл жайтты сезіну саяси көшбасшыларды дер кезінде келісімге келуге, «суық соғысты» тоқтатуға, салыстырмалы тұрғыда ортақ бейбіт қауымдастық құруға мәжбүрлеген.

Бүгін біз кешіп отырған ХХІ ғасырда да Жердің әр түрлі аймақтарында жергілікті қақтығыстар, азаматтық соғыстар орын алып жатыр. Ауқымы жағынан соғыстар шигерілгенімен, олардың зардабы нақты сол қоғам үшін елеулі екендігі белгілі. Онымен қоса, соғыстың дәстүрлі тәсілдерінен гөрі қазіргі таңда жаңа технологиялардың әлеуеті барынша қолдануда.

Қару-жарақ пен ықпал ету формалары түрленіп, күрделенуде. Яғни, ашық соғыстар азайып, шартты түрде бейбіт заман орнағанымен, адамзат қауымдастығы жалпы дағдарыстық күйді кешіп отыр.

Сонымен, бейбіт әлем мен қиянатсыздық қағидаларының байланысы туралы мәселелерді талқылауды жалғастырайық. Бұл тақырып аясында ізденіп жүрген заманауи зерттеуші Робертто Манчини адамдардың бейбітшілікті әдетте келер шақтағы абстрактілі мүмкіндік ретінде қарастыруын сынға алады (Mancini, 2017). Оның ойынша, саяси көшбасшылар қарапайым халықты соғыс трагедиясын әдейі өршіген күйде ұсынып, бойларында үрей ұялатады. Осыдан келіп, халық мойнына бейбітшілікті сақтау туралы моральдік жауапкершілік жүктеледі. Ал, мемлекеттер өз тараптарынан аталмыш бейбітшіліктің сақталуын қамтамасыз ету үшін әскери салаға жылдан-жылға миллиондаған қаржыларды бөледі. Осылайша халықты бейбітшілік күйді сақтап отыру үшін әскери қуатты күшейту қажеттілігіне сендіреді. Іштен-сырттан әр уақытта жау келуі мүмкін деген ұстанымдармен бейбітшіліктің тұрақсыздығы, нәзіктілігі туралы көп айтылады. Міне, сондықтан мемлекеттер миллиондаған қаржыны диабет, қатерлі ісік сияқты ауруларымен күреске, экологиялық апаттардың алдын алуына емес, әскери салаға бөлу қажеттілігін өздігінше дәлелдейді. Зерттеуші Манчинидің пайымдауынша көбінесе мұндай стратегия салыстырмалы тұрғыда бейбіт қоғамдарда ұтымды жүзеге асырылады. Себебі, халық бейбітшілік күйінен қол үзіп қалу қорқынышынан әскери саланың мықты болуына көп сенім артады (Mancini, 2017).

Манчини келтіріп отырған аргументтермен келісе отырып, бейбітшілікті сақтау, қамтамасыз ету үшін әскери қуаттың айтарлықтай күштілігі ақыр соңында қандай нәтижелерге алып келуі мүмкін деген сұраққа тірелеміз. Бейбітшілікті қаруының күшімен ғана қамтамасыз етуге бола ма?

Әуел бастан бейбітшілік адамзат өміріндегі маңызды құндылықтардың бірі болып табылады. Ежелгі кезден діни ілімдерде бейбітшіліктің Жаратушыдан дарыған игілік деп түсіндірілуі белгілі. Ежелгі діни мәтіндер мен заманауи әр түрлі ілімдерде бейбітшілікті сақтау адам баласының борышы екендігі туралы көп айтылады. Қиянатсыздық ілімінің классигі Махатма Ганди «Адам осы дүниенің жалғыз иесісі немесе тіпті авторы ретінде емес, бұл әлемдегі тіршіліктің «қамқоршысы» ретінде әрекет жа-

сауы керек» деп жазған (Ганди, 2016: 72-75). Шынымен де, әсіресе, соңғы кезде уақыттың айрықша тез өтуі оқиғалардың да шапшаң өзгеруіне ықпал етеді. Үнемі уақытын жеткізе алмай, үлгермей жүретін заманауи адам алға қойылған мақсаттарына асығып, борышы мен жауапкершілігі туралы ойлануды кейінге шигереді. Бірақ заман үдерісі адамды күтіп тұрмайды. Заман адамның өз борышы мен жауапкершілігін толықтай өтеуін ертең емес, бүгін талап етуде. Ал, бұл деген, қайталайтын болсақ, қиянатсыздық қағидаттарына жүгіну арқылы жүзеге асырылатын құбылыс.

Жоғарыда келтірілген зерттеуші Манчини қоғамның бейбітшілік күйі мен қиянатсыздық қағидалары арасындағы байланысты зерделей келе, философияның классикалық тілінде қолданылатын «форма» ұғымын пайдаланады. Форма деген біріктіруші принципке негізделеді. Манчини бейбітшілікті қоғамның формасы деп қарастыруды ұсынған. Тіпті бейбітшілікті қоғамның әлеуеті, оның конституциясы деп бағалаған да артық болмас. Демек, қоғам гуманизация жолында дамыған сайын, форма өзінің пішіні мен өлшемдеріне сәйкес келеді (Mancini, 2017).

Зерттеуші пікірін ескеріп, бейбітшілікті қоғам дамуының формасы дегенге жүгінсек, әр түрлі қоғам институттарының әрекеттерін, олардың шынайылығын бағалауда бейбітшілік үлесін маңызды өлшем ретінде қабылдауға болады. Яғни, қоғам институттарының әрекеттері бейбітшілікті нығайтуға бағытталса, олар формаға сәйкес келіп тұр деген сөз. Олай болса, қиянатсыздық қағидаларын «әдіс» деген ұғыммен қарастыра аламыз. Бейбітшілікті сақтау мен дамыту жолында ешкімге зиян тигізбей, қиянат көрсетпей, зұлым күш қолданбай әрекет етілсе, форманы жүйелейтін әдіс дұрыс таңдалды деген қорытындыға келуге болады.

Дегенмен, айналып келіп, бүгінгі заман, яғни, жаһандық үдеріске назар аударсақ, шартты түрде барша адамзаттың басын біріктіріп отырғандай көрінетін бұл жүйе шынында бәсекеге негізделген. Бірақ бәсеке атаулыны сынап қана, оның көптеген сапалы өзгерістер мен жаңалықтарға ықпалдасу әлеуетін ескермей кетуге болмайды. Сондай-ақ, жаһандық үдерісті тоқтату енді мүмкін болмаса, сәйкесінше, бәсекелесу үрдістері де қарқынды жүре береді. Олай болса қиянатсыздық қағидалары қазіргі кезде дәрменсіз болып қалды ма? Жоқ, әр заманда да өз оққылықтары болған, бар және болады. Бірақ бейбітшілікті сақтау, соғыстарды

тоқтатуға қатысты түрлі тәжірибелер адамзат тарихы мен мәдениетінде, ойлау жүйесінде әр кезде де орын алып келген.

Ғылыми зерттеу әдіснамасы

Пацифистік қозғалыстардың бейбіт қоғам орнату мен дамытудағы үлесі

Ғылыми айналымда және жалпы интеллектуалды ортада қоғамның шығармашылық әлеуетіне тосқауыл қоюды, бейбіт даму жолына кедергі болатын соғыс пен қантөгістерге, қиратушылық акцияларына қарсы бағытталған көзқарастар, бастамалар, әрекеттер жиынтығын пацифизм деп атау дәстүрі қалыптасқан. Адамзат тарихындағы сонау заманнан бері елеулі орын алып келе жатқан түрлі соғыстар сияқты пацифизмнің де тарихи жасы ежелгі дәуірлерден бастау алады (Энциклопедия ИФ РАН, электронный ресурс).

Әдетте батыс әлеміндегі пацифистік қозғалыстардың алғаш көріністерін христиан ілімімен байланыстырады. Ол туралы деректер ортағасырлық Ориген, Тертулиан сияқты діни ойшылдарының еңбектерінде сақталған. Онда Иса Пайғамбардың ешбір адамға ешбір жағдайда да күш қолдануға болмайтындығын этикалық қағида ретінде тыйым салғаны жан-жақты әрі тереңнен талқыланады. Христан ілімін заманауи тұрғыда жан-жақты зерттеп жүрген Жан Мишель Хорнус христиан апологеттері тіпті жеке адамның, белгілі бір қауымдастықтың өзін-өзі қорғауы да күш қолдануды талап етеді, олай болса әскери қызметтен де бас тарту қажеттілігі туралы ұсыныстар білдіргеніне тоқталады (Hornus, 2009: 372). Бұл Иса Пайғамбардың адамзат үшін азап шегуі туралы христиандық сакральді идеямен байланысты болуы мүмкін. Оның күреспей азап шегуі христиандық дүниетанымның рухани идеалы екендігі белгілі.

Зерттеуші Хорнустың ойынша Константин императоры христиан дінін қабылдағалы шіркеудің ресми беделі өсті. Саяси күшқуатты дәлелдеу, билік аймақтарын кеңейту мақсатында «дінді тарату», «барша адамзатқа ақиқатты жеткізуді» сылтауратып соғыстар жүргізу қажеттілігі күн тәртібінде тұрды. Ортағасырлық христиан ойшылы Әулие Августиннің «әділетті соғыс» концепциясы жаулаушылық жорықтарын ақтап шығуға ұтымды қолданғаны тарихтан белгілі. Кейін ғана Аквиниаттық Фома еңбектерінде соқыр сенім қантөгістерге әкелетіндігі, Құдайға деген құлшылық қантөгістерді талап етпейтіндігі

қисын заңдылықтарымен дәлелденген болатын (Hornus, 2009: 163).

Уақыт өте келе, ортағасырлық католик шіркеуінің шексіз үстемдігін сынға алған анабаптистер, квакерлер, меннониттер сияқты радикалды протестанттық ағымдар қалыптасып, өздерінің соғыс атаулыға түбегейлі қарсылықтарын басты ұранға айналдырды. ХІХ-ХХ ғасырларда батыстағы негізгі пацифистік қозғалыстарды осындай діни топтардың өкілдері басқарғаны белгілі (Hornus, 2009: 202).

Негізінен, мазмұнына сүйенсек, пацифистік қозғалыстар әр заманда барлық діни жүйелерде көрініс тауып отырған. Айталық, шығыс өркениеттерінде христиан діні пайда болғанға дейін сан ғасырлар бұрын джайн, индуистік, буддистік діни жүйелері пацифистік ұстанымдарға жақын келген. Мысалы, Махатма Ганди джайндық діни жүйенің барлық мазмұны өмірдің құндылықтық мәнін айрықша бағалауға құрылғанына бала кезінен ерекше таң қалатындығымен бөліседі. Сондай-ақ, индуистік жүйенің негізгі шығармашылық туындысы саналатын Бхагават-Гита да ойшылға бала кезінен елеулі әсер еткен екен (Ганди, 2016: 66-68). Осындай идеяларға негізделген мәдениет аясында тәрбиеленген Ганди батыстық білімді игере отырып, өз өмірін үнді халқын ағылшын бодандығынан азат ету күресіне арнағанын білеміз. Гандидің өмірі мен жүзеге асырған әрекеттері күш қолдануға қарсы мызғымас қарсылықтың үлгісі деп айтуға болады. Ойшыл әрі қайраткер соғыс атаулыға қарсылығын әрдайым ашық білдіріп, онымен барынша «күрескен». Ол барша адамзаттың бейбіт жолмен дамуы, бейбіт қоғамда өмір сүруі үшін жанын берген тұлғалардың бірі.

Кезінде фашистердің еврейлерді қудалауын Ганди «адамзат тарихындағы зұлымдықтардың айрықша қасіреті» деп сынап, «егер соғыс атаулыны ақтап шығуды мүмкін десек, ол фашизмге қарсы соғыс болғаны абзал» деп пікірін білдіріпті. «Бірақ мен соғысқа қарсымын. Мен соғысқа сенбеймін» деп түйіндейді Ганди (Ганди, 2016: 83).

Сонымен, пацифистік қозғалыстарды саяси тәжірибеде көрініс беретін бейбіт қоғам құрудың идеологиялық тұғыры деп айтуға болады. Зерттеушілердің көпшілігі пацифистік қозғалыстардың қайнар көзін діни ілімдермен байланыстыруды жөн көреді. Алайда, кейбір ізденушілердің пайымдауынша пацифистік қозғалыстар діни ілімдерден ғана бастау алмайды. Мысалы, зерттеуші Д.Р. Вилла Рим республикасында І ғасырда плебейлер патрицийлерге ықпал

ету мақсатында азаматтық мойынсұнбаушылық акцияларын тұрақты түрде жүзеге асырып отыратындары туралы мәліметтер сақталғанын келтіреді. Сондай-ақ, адамзатқа танымал ойшыл Сократ та «саяси өмірде қауіп төндірмейтін әрекеттерге жүгінуді» ұсынған болатын (Villa Dana Richard, 2001: 76-88).

Сонымен, пацифистік қозғалыстардың тарихи мұрасы ұзақ және қайнар көздері әр түрлі деген тұжырым жасай аламыз. Бірақ саяси идеология тұрғысында пацифистік қозғалыстар әлсіздігіне де талай мысалдар келтіруге болады. Айталық, либерализм, республиканизм, социализм, коммунизм, фашизм сияқты идеологияларды миллиондаған адамдар қабылдағаны туралы дәлелдер жетерлік. Оларды пацифизммен салыстырғанда миллиондаған адамдар тезірек әрі ұзаққа қабылдап келген. Шын мәнінде, пацифистік аргументтер әлемнің басым көпшілігін өзіне қарата алмай келеді. Керісінше, сапалы саяси өзгерістерді күш қолдану арқылы ғана жүзеге асыруға болатын ұстанымдар қоғамдық санада әлдеқайда күштірек бекіген. Қоғамның басым көпшілігі соғыстарға жақтасады, оларды ақтап шығуға дәйекті дәлелдерді де тауып отыратындығы шындық.

Дегенмен, соғыс пен бейбітшілік тақырыптарын жете зерттеп жүргендер пацифистік идеологияның абсолютті жеңіске жетуі мүмкін болмаса да, бұл ұстанымның пәрменділігі бәрібір өз нәтижелерін байқатуына назар аударады. Зерттеуші Дастин Элс Хаус пацифистік идеологиясын ұстану қатаң талаптармен шектелмейді деген көзқарасты ұстанады. Яғни, адам пацифистік көзқарастарды қабылдай отырып, белсенді қоғам қайраткері, саясаткер, т.б. болуы әбден мүмкін. Мәселе оның барлық бастамаларында қиянатсыздық қағидаларына жүгіну қабілетіне негізделеді (Howes, 2013). Яғни, адам барлық әрекеттерінде қиянатсыздық қағидаларына жүгінсе, ол пацифистік идеологияның таралуына, күшеюіне үлес қосады. Әлемдегі қақтығыстарды, соғыстарды түбегейлі тоқтату мүмкін болмаса да, қиянатсыздық қағидаларының пәрменділігі қоғамдық болмысқа елеулі әсерін тигізуде. Бұндай пікір білдіруінде Д. Хаус саясаттану, әлеуметтану сияқты ғылымдардың эмпирикалық зерттеулеріне жүгінеді (Howes, 2013).

Осыдан келіп, зерттеуші Д. Хаус қазіргі кезде қоғам және бейбітшілік мәселелерін талдауда «прагматикалық пацифизм» ұғымын қолдануды ұсынған (Joshua, 2012). Таза күйінде пацифистік идеологияның адал жақтаушысы болу қиын. Ол жеке тұлғаның мораль қағидаларын берік

ұстануын талап етеді. Қазіргі заманда адам қарқынды өзгерістерге икемделуге мәжбүр. Жаһандық үдерістер одан үнемі бәсекеге қабілетті болуын қажет етеді. Ондай жағдайда адам мораль қағидаларымен әрдайым санаса бермейтіндігі белгілі. Осыдан келіп, таза күйінде пацифизм сәтсіздікке ұшырайтыны ғажап емес. Зерттеушінің пайымдауынша адам саналы түрде өзі жеке қиянатсыздық қағидаларын ұстанып, пацифистік идеологияны түгел қабылдамауы да мүмкін. Оның ойынша, әлем тарихы мен мәдениетінде қиянатсыздық қағидаларын ұстанғандардың барлығы дерлік пацифист болған емес.

Сайып келгенде, зерттеуші өзінің жұмыстарында қиянатсыздық қағидалары негізінде пацифизмнің жаңаша брендін қалыптастыру туралы пікірлерін білдіреді. Прагматиканы бірінші орынға қойып, ол қоғамдық және саяси қозғалыстарда пацифизмді қиянатсыздық ұстанымға деген беріктілік деп түсіндіреді (Howes, 2013).

Қоғамдық өмірде әр түрлі келіспеушіліктер, күресті талап ететін жағдайлар орын алып жатады. Ондай кезде күшке жүгіну, «жұдырыққа» еркіндік беру арқылы нәтижеге тезірек жетуге болады. Бірақ мұндай жеңістің ғұмыры ұзаққа бармайды. Қиянат стратегиясына жүгінетіндер көп жағдайда ақылға сыймайтын идеологиялық міндеттерді мойындарына жүктеп алады. Нәтижесінде ертелі-кеш тағы күресу, тағы күш қолдану қажеттілігі туындап отырады. Керісінше, қиянатсыздық қағидаларына жүгіну жолы жеңіске жетуде ұзақ уақытты, сабырлықты талап етеді. Бірақ нәтижесі де баянды әрі берік болмақ.

Сонымен, дәстүрлі көзқарастар тұрғысынан пацифизм деген соғысқа қарсы болу ұстанымына негізделген идеология екендігін білеміз. Ал, замануи прагматикалық пацифизм дегенді қоғамдық-саяси өмірдегі нақты бастамалар мен жобаларда, әрекеттер мен іс-қимылдарда қиянатсыздық қағидаларына тұрақты әрі жүйелі жүгіну тәжірибесі деп түсінуге болады.

Нәтижелері және талқылама

Қоғамды демократияландыру жолында қиянатсыздық қағидаларының үлесі

Адамзат тарихының соңғы бірнеше ғасырларында әлем мемлекеттерінің басым көпшілігі демократиялық даму жолын құптауды жөн көруде. Демократиялық мемлекетті әрбір жеке адам өмірі құндылық ретінде қарастырылып, барлық азаматтардың еркіндіктері мен құқықтары қамтамасыз етуге бағытталған жүйе деп түсінуге

болады. Әлбетте, әр түрлі мемлекеттерде демократия дегенді түсіну, оны орнату мен дамыту әркелкі жүріп жатады. Бұл мәселе саясаттанушылардың зерттеу алаңы деп түсінген жөн болар.

Өзіміздің зерттеу мәселемізге оралсақ, соңғы кездері демократиялық қоғамды орнату мен дамытуда пацифистік идеологтар тарапынан жетілдірілген әдіс-тәсілдер әлемнің көптеген мемлекеттерінің саяси бағдарламаларында қолданып жүр (George, 2012).

«Халық билігі», «азаматтық тұрғыдан қарсыласу» тәжірибелік бастамаларына соңғы кездері көптеген зерттеулер арналуда. Олардың ішінде Эрика Чиновет және Мария Стефан зерттеушілерінің 2011 жылы жүзеге асырған жоба нәтижелерін новаторлық деп бағалауға болады.

Аталмыш ізденушілер 1900-2006 жылдар аралығындағы әлемде орын алған ереуілдер мен көтерістерді (барлығы 323 оқиға) зерттей келе, қиянатсыздық ережелерін ұстанған топтардың күш қолданған топтарға қарағанда жеңіске жету мүмкіндіктері айтарлық зор екендігіне назар аударады. Олардың пікірінше қиянатсыздық қағидаларын қолдану тәжірибесі тіпті авторитарлық режимдерді құлатуда өз пәрменділігін дәлелдеген. Яғни, авторитарлық жүйелердің өздері қиянатсыздық қағидаларын қолдануда әлсіздігін көрсетті. Сондай-ақ, зерттеушілер «қиянатсыздыққа негізделген саяси кампаниялар кейіннен демократиялық институттардың дамуына зор әсер етеді» деп түйіндейді. Бұнымен қоса, олардың пайымдауынша жылдан жылға қиянатсыздық кампаниялардың жиілігі мен жеңіске жету мүмкіндіктері артып келеді (Erica Chenoweth, Maria J. Stephan, 2011).

Әлбетте тәжірибе жүзінде әлемнің әр түрлі мемлекеттерінде жағдай түрліше қалыптасып дамиды. Бірақ Ченовет пен Стефанның келтірген зерттеу нәтижелеріне қарасақ, қиянатсыздық ұстаным демократиялық құндылықтардың кеңінен таралуына зор әсер еткен. Әр түрлі эмпирикалық әдебиеттерде қиянатсыздық қозғалыстардың пәрменділігіне қатысты құнды ақпараттармен қатар күш қолданудың тиімсіздігі туралы сансыз дәлелдерді кездестіруге болады. Айталық, халықты бақылауда ұстау үшін үкімет тарапынан күш қолданудың тиімділігі күдік туғызуда. Джон Дж. Донохью мен Джастин Вулферс зерттеушілері өлім жазасын қолдануға қатысты жылдар бойы жүргізілген зерттеу нәтижелері ондай жазаның қылмыс жасауды төмендетпейтіндігін жазады (John J. Donohue,

Justin Wolfers, 2006). Шынымен де, азаптау немесе қинау тиісті ақпарат алудың ең тиімді жолы деп айта алмаймыз. Қиналған кезде адам одан талап етілетіннің бәріне көңіл, кез келген нәрсені айта беруі, келісе беруі мүмкін. Сондықтан, күш қолдану емес, қиянатсыздық қағидаларына жүгіну, бір жағынан, ешбір тірі жанға зұлымдық көрсетпеуге негізделсе, екінші жағынан, көзделген мақсатқа жетуге айтарлықтай үлес қосады.

Қиянатсыздық қозғалыстардың жетістігіне/жеңісіне қатысты тағы бір оптимистік пікірлерді зерттеуші Джошуа Гольдштейн ұсынады. Оның пікірінше, соңғы жылдары соғыстар неғұрлым сирек басталып, тезірек аяқталуда. Гольдштейн мұндай үдерістерді халықаралық ұйымдар мен үкіметтік емес ұйымдар әрекеттерімен байланыстырады. Бітімгерлік миссияны жүзеге асыруда Біріккен ұлттар ұйымының ықпалы зор деп пайымдайды зерттеуші (Goldstein Joshua, 2012).

Зорлық-зомбылықты күшпен тоқтату керек деген пікір қоғамдық ортада әлдеқайда кең таралуда. Қиянатсыздық қағидалары арқылы айтарлықтай өзгерістерді жүзеге асыру бірден елестету мүмкін емес. Бірақ таза қиянатсыздық қозғалыстары шеңберінде қалыптасып, дамып отырған әдістер олардың күш қолдануға қарағанда пәрменділігін анық байқатып келеді.

Қиянатсыздық ұстанымдағы адами фактордың орны

Соңғы уақытта теориялық ғылымдармен қатар эмпирикалық салаларда да қиянатсыздық қағидаттарын тәжірибеге айналдыру мәселелері қызығушылық тудыруда. Әлбетте, күш қолдануға қалайша қиянатсыздық әрекеттермен пәрменді төтеп беру мүмкін деген орынды сұрақ туындайды. Егер, шынымен де, қиянатсыздық қозғалыстар нәтиже беретін болса, қоғам, адамдар арасындағы қарым-қатынастар, саясат мәселелерін қайтадан түбегейлі қарастыру қажеттілігі бар.

Жоғарыда келтірілген Ченовет пен Стефан зерттеу нәтижелеріне сүйенсек, қиянатсыздық ұстанымдарын қоғамды демократияландыру жолында қолданудың бірден-бір тиімділігі оған әр түрлі адамдардың қатыса алу мүмкіндігімен байланысты. Олардың пікірінше, күш қолдану акцияларына қатысу үшін белгілі бір дәрежеде физикалық дайындық қажет. Керісінше, қиянатсыздық акцияларына қосылу үшін арнайы дайындықтың қажеті жоқ. Күш қолдану акцияларына негізінен жас, еңбекке қабілетті азаматтар қатыса алса, қиянатсыздық акцияларына ондай талаптардың қойылуы шарт емес. Сондай-ақ, зерттеушілердің пікірінше

жария ұжымдасқан қиянатсыздық акцияларында қауіп минимумға жетсе, күш қолдану акцияларына қатысу үшін тәуекелге бара білу керек. Және де мәселе моральдік барьерлермен тығыз байланысты. Күш қолдану акцияларына қатысу адамды өзінің жеке санасында белгілі бір моральдік ұстанымдарды баса өтуді талап етсе, қиянатсыздық акцияларында ондай өз-өзімен күрес мәселелері айтарлықтай мәселе туғызбайды деп пайымдауға болады (Erica Chenoweth, 2011).

Қоғамдық өмірде, саясатта орын алатын конфликттерде материалдық ресурстар, экономикалық мүдде, бюрократиялық құрылымдар сияқты факторлар ерекше орын алатыны белгілі. Қиянатсыздық ілімді эмпирикалық тұрғыдан зерделеу негізінде ақылға салынған үйлесімді әрекеттер саясатқа айтарлықтай өзгерістер әкелуі әбден мүмкін деген түйін жасауға болады. Демек, саясатты жүргізуде әскери қуаттың маңыздылығы мен қатар адами фактордың үлесі зор деген пікірге келеміз. Билік мәселесін адами фактормен тығыз байланыста қарастыру қадамдары саяси теориядан орын алып келеді. Айталық Ханна Арендт және Джин Шарп еңбектерінде бұл ойлар жан-жақты талқылануда (Арендт, 1958) (Дж. Шарп, 1973).

Ханна Арендт қиянатсыздық ілімінің негізгі идеялары ықпалында болғанымен, Ганди қолданған мұндай әдістердің экстремалды жағдайларда нәтиже беретіндігіне күдіктенген. Дегенмен, ол өзінің көзқарастарында саяси категорияларды жүйелеп, билікті «келісілген әрекеттер» деп қарастыруды ұсынады. Аренд үшін «әрекет ету» деген жасырын емес, өзгелердің қатысуымен жұмыс жасау дегенді білдіреді (Арендт, 1958, беттер 335-337).

Билік дегенді келісілген әрекеттер деп қабылдауға келіссек, олар табиғатынан плюралистік болуы керек және оларды қатаң болжап қою да мүмкін болмай қалатындығын да ескеруіміз қажет. Билік пен күш қолдану бір-бірімен үйлесе алғанымен, олардың байланысы қарапайым ережелерге құрылмайды. Күш пен күш қолдануға келсек, ойшыл Арендтің пікірінше олар феноменологиялық тұрғыда біріне-бірі қарама-қарсы болып келеді. Күш қолдану деген өзге біреуді қорқыту немесе жою үшін қолданылатын инструменттермен байланысты. Күш қолдануға арқа сүйеген режимдер өзінің жақтастарына сенгенімен, қоғамдағы барлық әлеуметтік топтардың белсенді қолдауына үміт арта алмайды.

Бұл нені білдіреді? Күш қолдануға сүйенген

әрекеттер, ұстанымдар арқылы билікті қолда ұстап тұру мүмкін, бірақ оның сапалық жағы әлсірейді. Демек, қиянатсыздық ұстанымдардың заманауи демократиялық құндылықтарды нығайтуда пәрменділігі өзінің нәтижелілігін тағы аңғартуда.

«Қиянатсыз әрекеттер саясаты» еңбегінде Джин Шарп жалпы теория тұрғысында саяси биліктің қайнар көздері билеушінің беделі (авторитет), адами ресурстар, дағдылар мен тиісті білімдер, материалдық ресурстар мен санкциялар сияқты өлшемдерге негізделетіндігімен келіседі (Дж. Шарп, 1973: 120-122). Оның ойынша биліктің нәтижелілігі аталмыш элементтердің үйлесімді қолданылуымен байланысты. Яғни, кім және кіммен бірлесе отырып жұмыс жасау керек деген сұраққа келсек, Шарп басқарушының төрт топпен пәрменді қызметтесуін пайымдайды. Ол дегеніміз басқарушының қоғамның әр түрлі топтарымен, билеушінің арнайы агенттерімен, шетелдік үкіметтер және шетелдік халықпен мәмілелі қарым-қатынас жасауымен байланысты. Шарп материалдық ресурстар мен санкциялар басқа адамдармен немесе топтармен қызметтес болуға қол жеткізе алады дегенді жоққа шығармайды. Бірақ, оның ойынша, көптеген билік теорияларында адамдардың арасындағы бірлестік, ымыраға келу арқылы материалдық ресурстар мен санкцияларды қаншалықты тиімді қолдануға болатындығы ескерілмейді (Дж. Шарп, 1973: 137).

Теориялық және практикалық тұрғыда қиянатсыздық мәселелеріне қатысты зерттеулерге үңілуіміз адами фактордың басымдылығын ескеруді қажет етеді. Яғни, кез келген мақсат-мүддеге жету жолында бірден күш қолданып, қыспаққа алып әрекет етуден гөрі қиянатсыздық әдіс-тәсілдеріне жүгіне отырып, адамдар арасындағы түсінбеушілік мәселелерін шешуде шығынсыз жолдарды қарастырудың айтарлықтай үлесі зор.

Қорытынды және тұжырымдама

Қиянатсыздық ұстанымдардың қоғамдық және саяси қозғалыстарда пәрменділігін зерделей келе, келесідей пайымдар жасауға болады. Біріншіден, көпшілік санасында бейбітшілік атаулысы жоғарғы бір құндылық екендігі туралы жалпы білім бар болғанымен, ол таза күйінде адамзат өмірінде көрініс таппайды, бейбітшілік табиғаты сағым секілді деген пікірлер кеңінен бекіп қалған. Екіншіден, күш қолданбау теориясының мәні терең,

оны тәжірибе барысында үйлестіру үшін арнайы дайындықтар, бастысы – рухани және моральдік дайындықтар қажет.

Адамзат қоғамы дегеніміз жеке тұлғалардың ерекшелігі ұжымдық деңгейде ескеріліп, барлық индивидтердің теңдігі құпталатын қауымдастық болып табылады. Ерекше болудың арқасында адамдар бір-бірімен қарым-қатынасқа түседі, сәйкесінше, қарым-қатынастарға түсу арқылы өздерінің ерекшеліктерін дамытады. Гуманизация үдерісі ғана адамзат қоғамын өзінің табиғатын ашуға септігін тигізеді. Бұл адамдардың әрекеттерімен, оларды тәрбиелеумен ғана байланысты емес, бәрінің біріге отырып, бейбітшілік әлемді құруға деген ынтасында көрініс таба алады. Белгілі бір мақсатқа жету үшін міндетті түрде біреуді жазалап, айыптап, оған қарсы күш қолдану тиімді ме? Әлбетте, жоқ.

Негізінен, әуел бастан қоғамға белгілі бір сипаттар немесе қасиеттер бекіп қалған, олардан арылу мүмкін емес деп қатып қалсақ, сол нәтижеге тап боламыз. Айталық, адамзат қоғамы әуел бастан эгоизмге негізделген, зұлымдық жасауға, «бір-біріне қасқыр болуға» қалыптасқан деген ұстанымға берік болсақ, қоғам сол типтегі адамдарды «ұсынады».

Қазіргі кезде адамзат баласы қоғамның түрлі салаларының жұмысы автоматты түрде қызмет ететін дәуірді кешіп отыр. Бюрократиялық аппараттарда, жаһандық нарық алаңында, халықаралық қатынастар жүйесінде, ғылым, саясат, құқық және экономика сынды әлеуметтік тәжірибе салаларында бекіп қалған қатаң ережелер үстем. Бұл мақаламызда жүгінген зерттеуші Манчинидің еңбектерінде бүгінгі таңдағы антропологиялық модель өзіншіл және бәсекеге қабілетті адамға қарай бейімделген делінеді. Сәйкесінше, homo economicus идеологиясына байланысты қоғамда «бейбітшілікке аллергиясы қозып тұрған» субъектілердің көбеюі заңды нәтиже болып тұр. Сана-сезім, ерік, еркіндік, жауапкершілік, тарихи шығармашылық, қиянатсыз бола білу деген сияқты адами қасиеттер өздерінің мәртебесін жоғалтып келеді (Mancini, 2017).

Бірақ қоғамдық жүйелердің жұмысы толығымен тек қиянат қисынына негізделген деп пессимистік түйіндер жасау біржақты болар. Бұл мақала аясында әр түрлі зерттеулер нәтижелерін зерделей келе, таза пацифистік ұрандар бұрынғы кезде қоғамдық санаға әсер етсе де, бүгінгі бәсекеге бейім адамды таң қалдырмайтынын байқадық. Сәйкесінше, гуманды қағидаларға негізделген қоғамды нығайту

үшін прагматикалық жаққа ерекше назар аудару қажет. Ол дегеніміз ежелгі кезден бастау алған пацифистік жолдан келіп қалыптасқан қиянатсыздық практикаларды қоғамдық, саяси ортада қалайша қолдануға болатындығын тәжірибе жүзінде апробациядан өткізу керек.

Әдебиеттер

- Lakey George, 2012. Global Non-Violence Database. Swarthmore College // <https://nvdatabase.swarthmore.edu>.
- Roberto Mancini, 2017. From Conflictual Systems to a Society of Peace: Nonviolence facing organized evil // <https://doi.org/10.1177/0392192117701056>.
- Абдильдин Ж.М., Абдильдина Р.Ж. Логика теории современной демократии и проблемы ее реализации. – Астана: «Фолиант», 2014. – 344 стр.
- Ганди М. 2016. Эксперимент с истиной. Афоризмы / Пер. А. Петросян. – М.: Издательство: «Эксмо-Пресс», 65-97 б.
- Энциклопедия Института философии Российской академии наук [Электронный ресурс]: https://iphras.ru/enc_eth/123.html.
- Jean-Michel Hornus, 2009. It Is Not Lawful for Me to Fight: Early Christian Attitudes toward War, Violence, and the State (Christian Peace Shelf). Wipf & Stock Pub; Revised ed. Edition, 372 б.
- Villa Dana Richard, 2001. Socratic Citizenship. Princeton: Princeton University Press, 76-88 б.
- Dustin Ells Howes, 2013. Towards a Credible Pacifism: Violence and the Possibilities of Politics. Research Article // https://www.academia.edu/39694755/Peace_as_a_Minor_Grounded_Utopia_On_Prefigurative_and_Testimonial_Pacifism_Perspectives_on_Politics.
- Dustin Ells Howes, 2012. Torture Is Not a Game: On the Limitations and Dangers of Rational Choice Methods. Research Article // <https://doi.org/10.1177/1065912911434418>.
- Erica Chenoweth, Maria J. Stephan, 2011. Why civil resistance works: the strategic logic of non-violent conflict // https://www.belfercenter.org/sites/default/files/legacy/files/IS3301_pp007-044_Stephan_Chenoweth.pdf.
- John J. Donohue, Justin Wolfers, 2006. Uses and abuses of empirical evidence in the death penalty debate // <https://www.nber.org/papers/w11982.pdf>.
- Goldstein Joshua, 2012. Winning the War on War: The Decline of Armed Conflict Worldwide // <https://www.amazon.com/Winning-War-Decline-Conflict-Worldwide>.
- Арендт Х., 1958. Vita Activa, или О деятельной жизни/ Перевод с немецкого и английского В.В. Бибихина – Чикаго: Университет Чикагской Прессы, 2017. – С. 330-348 б.
- Шарп Дж., 1973. Политика ненасильственных действий. – Бостон: Издательство П. Сарджент. – 156 с.

References

- Lakey George, 2012. Global Non-Violence Database. Swarthmore College // <https://nvdatabase.swarthmore.edu>.
- Roberto Mancini, 2017. From Conflictual Systems to a Society of Peace: Nonviolence facing organized evil // <https://doi.org/10.1177/0392192117701056>.
- Abdil'din ZH.M., Abdil'dina R.ZH. Logika teorii sovremennoj demokratii i problemy ee realizacii [The logic of the theory of modern democracy and problems of its implementation] Astana, «Foliant», 2014 344 str.
- Gandi M., 2016. Eksperiment s istinoj. Aforizmy. [An experiment with truth. Aphorisms] // Perevod: Petrosyan A. Izdatel'stvo: «Eksmo-Press», 65-97 b.
- Enciklopediya Instituta filosofii Rossijskoj akademii nauk [Encyclopedia of the Institute of Philosophy of the Russian Academy of Sciences]: https://iphras.ru/enc_eth/123.html.
- Jean-Michel Hornus, 2009. It Is Not Lawful for Me to Fight: Early Christian Attitudes toward War, Violence, and the State (Christian Peace Shelf). Wipf & Stock Pub; Revised ed. Edition, 372 б.
- Villa Dana Richard, 2001. Socratic Citizenship. Princeton: Princeton University Press, 76-88 б.
- Dustin Ells Howes, 2013. Towards a Credible Pacifism: Violence and the Possibilities of Politics. Research Article // https://www.academia.edu/39694755/Peace_as_a_Minor_Grounded_Utopia_On_Prefigurative_and_Testimonial_Pacifism_Perspectives_on_Politics.
- Dustin Ells Howes, 2012. Torture Is Not a Game: On the Limitations and Dangers of Rational Choice Methods. Research Article // <https://doi.org/10.1177/1065912911434418>.
- Erica Chenoweth, Maria J. Stephan, 2011. Why civil resistance works: the strategic logic of non-violent conflict // https://www.belfercenter.org/sites/default/files/legacy/files/IS3301_pp007-044_Stephan_Chenoweth.pdf.
- John J. Donohue, Justin Wolfers, 2006. Uses and abuses of empirical evidence in the death penalty debate // <https://www.nber.org/papers/w11982.pdf>.
- Goldstein Joshua, 2012. Winning the War on War: The Decline of Armed Conflict Worldwide // <https://www.amazon.com/Winning-War-Decline-Conflict-Worldwide>
- Arendt H., 1958. Vita Activa, ili O deyatel'noj zhizni [Vita Activa, or About an active life] // Perevod s nemeckogo i anglijskogo – V.V. Bibihina, 2017. SHikago: Universitet SHikagskoj Pressy, 330-348 b.
- Sharp Dzh., 1973. «Politika nenasil'stvennyh dejstvij» [Nonviolent Action Policy]. Boston: Izdatel'stvo P. Sardzhent, 156 b.